

CD 22

Ceresit

ЖӨНДЕУ-ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ҚОСПАСЫ

Зақымдану тереңдігі 30–100 мм бетон және темірбетон конструкцияларды жөндеуге арналған жөндеу-қалпына келтіру ірі түйіршікті ерітінді қоспасы

ҚАСИЕТТЕРІ

- жарыққа төзімді
- жылдам қатаятын
- жоғары төзімді
- гидрофобты
- бу өткізбейтін
- суға төзімді
- аязға төзімді
- мұздан еріткіш тұздардың әсеріне төзімді
- негізге жоғары жабысқақтық
- қолдануы ыңғайлы және оңай

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Ceresit CD 22 қоспасы бетон және темірбетон негіздерді, оның ішінде PCC 1, PCC II және PCC III жүктемелерінің әсеріне шалдыққан көлік құрылысы объектілерін жөндеуге және қалпына келтіруге арналған. Қабат қалыңдығы 30-100 мм темірбетон және бетон негіздердің бетінде сынықтарды, қуыстарды, шұңғылшаларды, кедір-бұдырларды және басқа ақауларды жөндеу кезінде тиімді. Жеңіл бетоннан тұратын негіздерді тегістеу және жөндеу үшін қолданбаңыз. Ceresit CD 22 Ceresit ПЦБ бетонын қалпына келтіру және қорғау жүйесінің құрамдас элементі болып табылады. Бетон және темірбетон конструкциялардың механикалық жүктемелердің және жемірілу процестерінің әсерінен ұзақ мерзімді пайдаланудан немесе бұзылыстардан туындаған кешенді жөндеулерді орындау кезінде қолданылады - монолитті каркас конструкциялар, тіреу қабырғалар, резервуарлар (оның ішінде сарқынды суларға арналған), монолиттік конструкциялар (оның ішінде бассейндер), рампалар, пандустар, бағаналар, балкондар және т.б.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негізді дайындау ҚНЖЕ 3.04.01-87 және МСН В.2.6-22-2001 сай жүзеге асырылады. Негіз құрғақ әрі берік болуға тиіс, көзге көрінетін бұзылыстары болмау керек. Негіздің беріктігі кем дегенде 20 МПа құруға тиіс. Ерітінді қоспасын қолдану алдында негізді май, олифа, мастика және басқалары сияқты негізбен ілінісуді азайтатын, жабысқақтыққа кедергі жасайтын заттардан тазарту қажет. Негіз бетінің қатпарланған және осал учаскелерін механикалық жолмен жойыңыз. Бетон беті кедір-бұдыр және кеуек болуға тиіс. Бетон негізді дымқыл дақтардың пайда болуына жол бермей таза сумен ылғалдандыру қажет, содан кейін сәл ылғалды бетке жабысқақ қабатты жағу керек (Ceresit CD 22 қоспасын одан да сұйық констистенциядағы сумен сұйылтыңыз). Ceresit CD 22 ерітінді қоспасын сәл ылғалды жабысқақ бетке жағады, бірақ 30-60 минуттан ерте емес. Көрсетілген уақыттан асқан жағдайда алдында жағылған қабаттың толығымен көпкеніне көз жеткізіп қайтадан жабысқақ қабатты салу қажет.



ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

25 кг құрғақ қоспаға 3,25 - 3,5 л су есебінен (су температурасы +15 °C - +20 °C)

құрғақ қоспаға таза су қосыңыз және қондырмасы бар төмен айналымды бұрғының немесе араластырғыштың көмегімен түйірлерсіз біртекті қоспа шыққанша араластырыңыз. Сосын 3 минут күту қажет және ерітінді қоспасын қайтадан араластыру қажет. Дайындалған ерітінді қоспасын 30 минут бойы пайдалану қажет. Ерітінді қоспасын металл қалақшаның көмегімен ылғалды негізге жағыңыз және конструкцияның қалпына келтірілетін учаскесінің бүкіл бойымен біркелкі таратыңыз. Төселген Ceresit CD 22 ерітінді қоспасын металл қалақшамен тегістеуді 10-20 мин ішінде, ал үлкен аудандарда - дірілтақтайшаны пайдаланып орындауға болады. Бұдан басқа Ceresit CD 22 ерітінді қоспасын торкреттеу тәсілімен жағуға болады. Ерітіндіні тік бетке бір жаққаннан салған кезде қалыңдығы 35 мм дейін қабатты салуға болады.

Ерітіндіні жөндеу кезінде бірнеше қабатта салған немесе Ceresit CD 22 ерітінді қоспасын салған жағдайда қабаттарды салу арасындағы аралық 3 сағаттан аспауға тиіс. Ерітінді қоспасының артығын беттен жояды, құрал-саймандарды ерітіндіден сумен тазартады. Қатқан ерітіндіні тек механикалық жолмен жоюға болады. Қалыпты климаттық жағдайлар кезінде бетті Ceresit CD 24 қоспасымен екі күннен кейін бітеуге болады, ал қосымша қорғау жабындарын салуға (Ceresit CT 44 акрил бояуымен немесе Ceresit CR 166 полимерцемент суспензиясымен сырлау) кем дегенде үш күннен кейін кірісуге болады.

ЕСКЕРТУЛЕР

Қоспаның құрамында арматуралағыш микроталшықтар бар, сондықтан көп мөлшерді еріткен кезде талшықтардың ерітінді қоспасына біркелкі таралуына тек саптамасы бар төмен айналымды электрбұрғының көмегімен жетуге болады.

Henkel

Качество для Профессионалов

Ceresit CD 22 құрамында микроталшық бар, сондықтан ажарлануға жатпайды. Жұмыстарды негіздің температурасы +5 - +30°C болған кезде және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек. Ерітіндінің күн сәулелерінің және жел өтудің әсерінен тым жылдам кебуінен бас тартыңыз, сондай-ақ жаңа төселген ерітінді қабаттарын жаңбырдан толық кепкенінше сақтандыру қажет. Жоғары берілген барлық ұсынымдар +20°C температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60% болған кезде тиімді. Басқа жағдайларда ерітінді қоспасының қатаю уақыты өзгеру мүмкін. **Басқа ұстастырғыштармен, байланыстырушы және түрлендіргіш үстемелермен араластыруға тыйым салынады.** Құрғақ қоспаның жаңартылған формуласы құрамында цементте бар белсенді заттарды бейтараптандыратын, терінің күюін және тітіркенуін болдырмайтын үстемелер бар. Жұмыс кезінде жеке қорғану құралдарын (көзілдіркі, қолғапты) қолдану қажет. Ерітінді қоспасы көзге түскен жағдайда оны дереу сумен жуып дәрігерге көріну керек.

ҰСЫНЫСТАР

Ерітінді қоспасы ауаландыруынан бас тарту мақсатында ерітінді қоспасын дайындау үшін айналымдары 400 айн./мин артық емес электрбұрғыны пайдаланыңыз. Ерітінді қоспасы кепкен және қатқан кезеңінде оны тікелей күн сәулелерінен және теріс температуралардың әсерінен сақтандыру қажет, ал жұмыстарды орындау уақытта жаңбыр мен қардың түсуін болдырмау қажет. Материалды қолдану туралы жоғары берілген ақпараттан басқа, онымен жұмыс істеген кезде қолданыстағы нормативтік құжаттарды және Бетон және темірбетон конструкцияларды қалпына келтіру және қорғауға типтік технологиялық картаны басшылыққа алу керек. Осы техникалық сипаттамада берілген ережелерді орындау шартпен материалды қолдану қиындық туғызбайды. Материалды басқа жағдайларда пайдаланған жағдайда сынақ салуларды өз күшімен жүргізу немесе өндірушіге кеңес алу үшін жүгіну қажет.

САҚТАУ

Фирмалық қымтаулы қаптамада, құрғақ орынжайларда қаптамада көрсетілген дайындалған күнінен 12 ай.

ҚАПТАМА

Ceresit CD 22 қоспасы 25 кг қаптарға мөлшерлеп салынады.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Құрамы:	Минералдық толтырғыштары, органикалық түрлендіргіштері және арматуралағыш микроталшықтары бар цемент
Ерітінді қоспасын дайындауға арналған су шығыны:	25 кг құрғақ қоспаға 3,25-3,5 л
Ерітінді қоспасын қолдану температурасы:	+5 °C-тан +30°C-қа дейін
Пайдалану температурасы:	-50 °C-тан +70 °C-қа дейін
Ерітінді қоспасын пайдалану уақыты:	кем дегенде 30 минут
28 күннен кейін негізбен ілінісу беріктігі (ауа-құрғақ жағдайлар):	кем дегенде 2 МПа
Аязға төзімділігі:	кем дегенде 300 цикл
Иілген кезде созылуға беріктік шегі:	- 7 тәуліктен кейін: кемінде 4 МПа - 28 тәуліктен кейін: кемінде 5 МПа
Қысуға беріктік шегі:	- 1 тәуліктен кейін: кемінде 15 МПа - 7 тәуліктен кейін: кемінде 30 МПа - 28 тәуліктен кейін: кемінде 40
Шөгугі:	1,2 мм/м артық емес
Құрғақ қоспаның шығыны:	қабат қалыңдығының 1 мм-не шамамен 2,0 кг/м ²